

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Өлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. Астана, 2012 жылғы 27 қаңтар
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы // Казахстанская правда, 2007 ж., 27 шілде.
3. Өзін-өзі тану. Қазақстан Республикасы Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Алматы: «Бөбек»ҰҒПББСО, 2006
4. Айболат СЕЙТАҚОВ, “Бөбек” ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығы, Адамның үйлесімді дамуы институты директорының орынбасары. Алматы.
5. “Егемен Қазақстан” Республикалық газеті" ААҚ, 2006

УДК 37.013.42: 376

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ӨЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жүнісханова Қуаныш Жанатқызы

zhunuskanova@yandex.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Өлеуметтік ғылымдар факультеті
«Өлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ф. Жұмабекова

"Барлық балалар тумысына, нәсілі мен ұлтына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, тіліне, дініне, мекен-жайына, денсаулық жағдайына, сонымен қатар бала мен оның ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты жағдаяттарға қарамастан тең құқыққа ие". 1989 жылдың 20 қарашасында БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында қабылданған "Бала құқығы Конвенциясының" 23 бабында белгіленгендей "мүмкіндігі шектеулі балалар толыққанды және өз беттерінше өмір сүре алу үшін оларға қамқорлық пен көмек көрсетілуі қажет" [1].

Балаларға деген көзқарас - мемлекет дамуының, әл-ауқатының және қоғам мәдениеті деңгейінің көрінісі екендігі белгілі. 2009 жылы жүргізілген халық санағына сәйкес 18 жасқа дейінгі балалар саны Қазақстан халқының 33%-ын құрады [2].

«Қазақстан-2050» стратегиясында балалардың ерекше рөлі ҚР Президентінің саяси ұстанымымен айқындалған: «Балалар – қоғамымыздың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі, олар құқықсыз болуы тиіс емес. Елбасы ретінде мен әрбір сәбидің құқығының қорғалуын талап етемін» - деп айтып өткен Нұрсұлтан Әбішұлы [3].

Бүгінде бала құқығын қорғауда көптеген ұйымдар құрылып жұмыс жасап жатыр. Солардың ішінен ең маңыздысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарауындағы «Балалардың құқықтарын қорғау комитетін» атап өтуге болады.

Бұл комитеттің негізгі мақсаты: балалардың сапалы өмірінің әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз ету.

Негізгі міндеттері:

-тұлғаның жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген адамгершілік-рухани дамуын қалыптастыру, отбасы және отбасы құндылықтарын насихаттау, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша мәселелерді қоғам арасында жария ету;

-мемлекеттік әлеуметтік саясат саласында бала мүдделерін ескере отырып заңнамаларды жетілдіру;

Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқығын қорғаумен сонымен қатар прокуратура органдары да айналысады. Елімізде 140 мыңнан астам даму мүмкіндігі шектеулі балалар

өмір сүреді, солардың 74 мыңын мүгедек балалар құрайды. Прокуратура органдары осы санатқа жататын балалардың құқықтарын қорғауды тұрақты негізде тексеріп отырады. 2015 жылдың 3-ші тоқсанында прокурорлар тексеру шаралары барысында денсаулық сақтауда, әлеуметтік қорғауда, көмек және білім беруде мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары бұзылғандығын анықтады. 1600-ден астам мүгедек баланың әлеуметтік және оңалту көмегін алуға құқықтарына шек қою фактілері анықталды.

Жеке бастың бостандығы мен құқығы – адам баласының ең маңызды игіліктерінің бірі болып табылады. Бұл құқықтар мен бостандықты қорғауды іске асыру механизмдері конституциялық - құқықтық және адам құқығы туралы халықаралық құжаттарда көрсетілген. Жалпы адам құқықтарына байланысты Ресей және Қазақстан ғалымдарының бірнеше еңбектері де бар. Бірінші кезекте бұлардың қатарына Ресей Ғылым академиясының академигі Е.А. Лукашеваның басшылығымен жасалынған іргелі еңбектерді атауға болады. Ол КСРО ыдырауынан кейінгі Ресей мен ТМД елдеріндегі адам құқықтарын қорғау проблемасын бірінші болып ғылыми зерттеу деңгейіне көтерді. Адам құқықтары проблемасына Т.Б. Бекназар-Юзбашев, В.А. Карташкин, И.А. Ледях, Б.Г. Манов, Р. Мюллерсон сияқты Ресей зерттеушілерінің еңбектері арналған. Қазақстанда бұл проблемаға Т.А. Ағдарбеков, М.Т. Баймаханов, М.С. Башимов, Б.А. Есентемірова, А. Жұмағұлова, Г.К. Исакова, Г. Лупарев, А.К. Мұхтарова, Ғ.С. Сапарғалиев, С.Н. Сәбікенов, А.В. Турлаев, Н.А. Шайкенов сияқты ғалымдардың жұмыстары арналған. Бұл қатарда Еуразия кеңістігінде адам құқықтарын іске асыру теориясы мен практикасына талдау жасалынған Ж.Д. Бусурмановтың диссертациялық зерттеуі ерекше орын алады. Біздің зерттеуіміз мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарын әлеуметтік педагогикалық тұрғыдан қорғау мәселесін зерделей келе, *біріншіден*, құқықтық әдебиеттерде адам құқықтары проблемасына көптеген ғалымдардың еңбектері арналғандығына қарамастан, педагогикалық –психологиялық әдебиеттерде мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарын әлеуметтік педагогикалық тұрғыдан қорғау мәселесіне байланысты арнайы зерттеулердің жеткіліксіздігіне көз жеткіздік.

Екіншіден, құқығы қорғалмаған адам белгілі бір жетпіспеушілікті, бос кеңістікті сезінетіндіктен, мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарын қорғау әлбетте екі есе маңызды. Адам құқықтары жайлы мәселелер ерте кезден бері жүргізіліп келеді. Қайсыбір кезеңді алсақ та оның өзіне тән құқықтық ерекшеліктерін атап өтуге болады. Өзіміздің Қазақ хандығының тарихында да адам құқықтарына байланысты заңдар Қасым ханның, Есім ханның заң жинақтарында қозғалған. Өкінішке орай бұл хандардың заң жинақтары біздің заманымызға жетпеген, дегенмен де Тәуке ханның «Жеті жарғысын» айтып өтпесе болмас. «Жеті жарғы» заңдар жинағында жалпы адамзат құқықтары жайлы айтылған. Заң бұзушылық түрлеріне орай сәйкесінше жазалары да белгіленген. Олай болса бұл құқықтар барлық адамдарға қатысты болғандықтан, мүмкіндігі шектеулі адамдарға, оның ішінде балаларға одан бетер қажет, және де осы құқықтарды қорғау маңызды мәселде болып табылады.

Үшіншіден, бүгінде мүгедектігі бар адамдарға "мүмкіндігі шектеулі" терминін қолдану көптеп кездеседі. Алайда, "мүгедек" және "мүмкіндігі шектеулі адам" ұғымдарының айырмашылықтарын айырып алған жөн. Қазақстан Республикасының "Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету негізінде қолдау" және "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау" заңдарына сүйенетін болсақ:

- мүмкіндігі шектеулі бала - тумысынан, тұқымынан, белгілі бір аурудан немесе жарақат салдарынан пайда болған өмір сүруіндегі физикалық немесе психикалық жетіспеушілігі бар тұлға;

- мүгедек бала - бұл ауру немесе жарақат салдарынан, өмір сүруінің шектеулігіне алып келетін дефекттерден пайда болатын денсаулығында (физикалық немесе психикалық) ақаулығы бар тұлға.

"Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" заңында мүгедек баланың "арнайы" құқықтары төмендегідей көрсетілген:

1. Мүгедек бала сау балалармен қатар толыққанды өмір сүруге, қоғам өмірінде белсенді орын алуға құқылы.

2. Мүгедек бала өзінің физикалық, ақыл-ой қабілеті мен қалауына қарай білім алуға, мамандық пен жұмыс жасау аймағын таңдауға, шығармашылық және қоғамдық салаларға қатысуға құқылы.

3. Ақыл-ой және физикалық дамуындағы жетпіспеушілігі бар балалар мен мүгедек балалар арнайы балалар ұйымдарынан маманданған медициналық-әлеуметтік көмек алуға құқылы.

Келесі кезекте мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарына келетін болсақ, олар:

1. Тегін әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету мен қолдау алуға кепілділік;

2. Мемлекеттік медициналық ұйымдарда тегін қараудан өтуге, Қазақстан Республикасы заңнамасында көрсетілгендей, психологиялық - медициналық кеңес алуға немесе сараптама бойынша тегін медициналық көмек алуға;

3. Қазақстан Республикасы заңнамасында көрсетілгендей, медициналық сараптамалар негізінде мүгедектік түріне байланысты арнайы құралдармен (протездік - ортопедиялық бұйымдармен және арнайы аяқ-киіммен, арнайы шрифтпен белгіленген мөрленген бұйымдармен, дыбыс күшейткіш техникалық құралдар мен дабылдармен, компенсаторлы техникалық құралдармен) қамтамасыз етілуге;

4. Арнайы білім беру немесе психологиялық – медициналық - педагогикалық кеңес алу сараптамасының нәтижесі бойынша жалпы мемлекеттік білім беру ұйымдарында тегін білім алуға;

5. Мемлекеттік білім беру жобалары аясындағы конкурстық негізде мемлекеттік білім беру ұйымдарында кәсіби мамандық бойынша тегін білім алуға;

6. Қазақстан Республикасы заңнамасында көрсетілгендей, алынған білімді немесе кәсіби дайындықты аяқтаған соң жұмысқа орналасуға құқылы [4].

«Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық - педагогикалық түзеу арқылы қолдау» туралы Заңның 4 тарауында мүгедек балалардың құқықтары бекітілген, нақты ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттері көрсетілген. 15 бап кемтар балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдауды кепіл түрде тегін алуға құқығын бекіткен [5].

Заң шығарушы ұйымдар мүгедек балалардың мүмкіндіктерін теңестіру және мүмкіндігі шектеулі балалардың қабілеттерін қайта қалпына келтіру үшін жұмыс жасауда. Теңдей мүмкіндіктерді ыңғайластыруда, ең алдымен, түсінетініміз, бұл мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған барлық тіршілік жағдайларының қолжетімді болуы. Мысалы: әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне қолжетімділік, көлік, ақпарат, денсаулық сақтау, білім, жұмыс жасау салалары және т.б. Бұл жағдайларға аса қатты мән беріп қараған жөн.

Төртіншіден, мүмкіндігі шектеулі балалардың құқығын қорғау мәселесі қозғалғанда, көбінде тек қана сол балаларға берілген жеңілдіктерге немесе сол жеңілдіктердің жетіспеушілігіне, аздығына ғана назар аударылады. Түп негізіне келгенде бұл дұрыс емес, өйткені барлық балалардың (сау болсын, мүмкіндігі шектеулі болсын) құқықтары бірдей дәрежеде тең. Дегенмен, өкінішке орай, мүмкіндігі шектеулі балалар өмір сүрулерінде сол шектеуліктері бар болғандықтан өз құқықтарын толық іске асыра алмайды. Сондықтан, қазіргі заманда мүмкіндігі шектеулі балалардың құқығын қорғаудағы әлеуметтік педагогтардың алатын орыны зор. Әлеуметтік педагог іс-әрекеттерінің негізгі мақсатының бірі – жалпы өмірлік кеңістікте баланы қорғау. Мүмкіндігі шектеулі балалар өз құқықтарын іске асыра алмағандықтан, әр әлеуметтік педагог соған көмек көрсетіп, сол балалардың сау балалармен құқықтарының тең екендігін дәлелдеп, үнемі педагогикалық, психологиялық қолдау көрсетіп отыру қажет.

Бесіншіден, мүмкіндігі шектеулі балалардың құқығын қорғаудағы басты қағида әлеуметтік педагог бойынан жалпыадамзаттық құндылықтардың толығымен орын алуы. Жалпыадамзаттық құндылықтарға: ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық

және де қиянат жасамау жатқызылады. Ақиқат жолындағы шынайы жұмыс, нақты балалардың құқықтарын қорғаудағы шынайы көзделген бағыт, қандай болмасын балаға деген риясыз сүйіспеншілік, әлеуметтік педагог бойынан көрініс табады. Балаларға деген сүйіспеншілігі олардың ішкі жүректерінен шығып жүздеріндегі күлімдеулерінен байқалады. Ізгілік педагогикасының негізін салушы Шалва Александрович Амонашвилидің «Күлімсіреуім, менің, қайдасың?» - еңбегінде айтылғандай: «Педагогтың жүзінде күлімсіреу болмаса, оқушылардың танымға деген ниеттері сөніп, сүйіспеншіліктері мен талпыныстары өшеді» [8]. Яғни өздеріне жеткіліксіз жылы жүзді қажет ететін балалар әлеуметтік педагогтың риясыз сүйіспеншілігінің сырттай көрініс табуы негізінде сол арқылы өздерінің құқықтарын қорғалатындықтарына шынайы сенімді бола алады. Дұрыс әрекет – аса маңызды адамзаттық құндылықтардың бірі. Әлеуметтік педагог бойынан дұрыс әрекет орнауы үшін, ең алдымен ой таза болуы керек. Дұрыс ойдан – дұрыс сөз, ал дұрыс сөзден – дұрыс әрекет туындайды. Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқығын қорғау қазіргі замандағы дұрыс әрекеттердің бастамасы болып табылады. Аса қамқорлықты қажет ететіндіктен, бұл әлеуметтік педагогтардың атқаратын игі істерінің бірі. Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарын қорғауда әлеуметтік педагог бойынан ішкі тыныштық құндылығы орнау арқылы балалардың өміріне, құқықтарына, мүдделеріне қиянат жасалынбайтындай шараларды қолдану іске асады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарына қиянат жасамай сонымен қатар оларға қиянат жасамауды қадағалап, қолға алу әлеуметтік педагогтың бойындағы рухани адамгершіліктің биік деңгейін көрсетеді. Әлеуметтік педагог бойындағы мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарын қорғауға деген қалыптасқан қорғаушылық қасиеттің болуы да ескеріледі. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс тікелей әлеуметтік педагогтардың құзыреттілігінде болғандықтан қарапайым заң қызметкерінен бұл мамандардың жұмысы екі есе күрделірек келеді. Өйткені мүмкіндігі шектеулі бала мен қарапайым балалардың құқықтары қаншалықты тең деп айтқанымызбен, әлеуметтік педагогтардың қарауында тұрған бала сол құқықтарын толық қолдана алмайды. Әлеуметтік педагог бойынан көрініс табуы қажет қасиеттеріне орай, арнайы мамандалған білімі де болуы керек. Әлеуметтік педагогтардың бала құқықтарын қорғаудағы жұмыс жасайтын арнайы ұйымдардың адамдарымен тікелей байланысы негізінде жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруы маңызды мәселе. Жоғарыда айтылған құндылықтар барлық бала құқығын қорғайтын ұйымдарда жұмыс жасайтын қызметкерлердің бойынан қалыптасуы мүмкіндігі шектеулі балалардың құқығын әлеуметтік педагогикалық тұрғыдан қорғауды іске асыруға алып келеді.

Ойымызды қорытындылай келе, мүмкіндігі шектеулі балалардың құқығын әлеуметтік педагогикалық тұрғыдан қорғау мәселелеріне талдау жасай отырып төмендегідей шешімін күтіп тұрған *ұсыныстарды* айта кетуді жөн көрдік:

- қазіргі заманның өлшемдеріне сәйкес, мүмкіндігі шектеулі балаларды қоя тұрып, әлеуметтік жағдайлары төмен балаларды бөліп-жарып қарамау керек;
- қазіргі қоғам мүмкіндігі шектеулі адамдарды өздерімен қатар тең құқықты деп қабылдауға дайын еместігін ескеріп, инклюзивті білім беру мәселесін жеткілікті деңгейде қолға алынуына көңіл бөлу қажет;
- мүмкіндігі шектеулі адамдарды қоғамның санасына құқықтардың тең емес екендігінің дұрыс емес екендігін дәлелдеу үшін, «қоғамдық сананы өзгерту», яғни саналарына жету үшін рухани-адамгершілік тұрғыдан жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру қажет;
- әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану мамандарын даярлауға баса назара аударылуы және олардың мүмкіндігі шектеулі балалармен арнайы жұмыстар жүргізіп, күнделікті олардың жандарында болып, құқықтарының қорғалуын, мүдделерінің тапталмауын қадағалауына, өмірге жетелеуіне дұрыс бағыт беріп отыруға жағдай жасалуы қажет;
- әлеуметтік педагогтардың мүмкіндігі шектеулі балаларды қорғау ұйымдарымен тығыз байланыс орнату қажеттілігі туындап отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Бала құқықтары туралы Конвенция» БҰҰ, 1989 ж., 23 бап.
2. Қазақстан Республикасының 2009 жылы жүргізген ресми халық санағы.
3. «Қазақстан - 2050» стратегиясы. Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер мен жеке жауапкершілік: баланы қорғау.
4. ҚР баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ Заңы.
5. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы ҚР 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.
6. Амонашвили Ш.А. «Улыбка моя, где ты?» - Донецк: Лаборатория гуманной педагогики, 2005, - 48б.

ӘОЖ 616.89-008.46:612.821.39.

КӘСІБИ ӘРКЕТТЕГІ ТЕМПЕРАМЕНТ ТИПТЕРІНІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жүсіп Нұрасыл

px201k@mail.ru

Қазақ гуманитарлық заң университеті, Психология мамандығының
2-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж. Турманова

Көптеген компаниялар қызметкерлерін бағалау қиындықтарымен кездесіп жатады. Кез келген компанияның табысты дамуы үшін әрдайым даму үстінде болып, қателерді дұрыстап, болашағын білу керек. Қызметкерлерді бағалау басшыға немесе басқару бөлімінің кадрлық саясаттын жүргізуге, өз міндеттерін атқара алмайтын жұмысшылардың орнына жаңа қызметкерлерді алуға, компанияны дамытуға сапалы түрде мүмкіндік береді.

Кәсіби тұлғалық қалыптасудың өнімді және негізгі критерийі – кәсіби еңбекте – тұлғалық мәнді табу қабілеті, өзіндік жоба жасау, өзіндік кәсіби өмірді құрастыру, мамандық таңдауда жауапкершілікпен шешім қабылдау және жұмыс орны мен мамандықты таңдау. Әрине, мұндай өмірде маңызды мәселелер тұлғаның бүкіл өмірінде орын алады. Тұлға әрқашанда өзгереді және дамиды. Сондықтан, оның түрлі даму деңгейлерінде кәсіби өзін-өзі анықтау міндеті әр түрлі шешімге ие болады. Тұлға әрқашанда өзінің кәсіби өмірдегі орнын нақтылап, өзінің кәсіби-әлеуметтік ролін, кәсіби еңбекке деген қатынасын қадағаласа, жұмыс тобы мен өзіндік « меніне » өмірлік маңызды компоненттер қалыптасады. Кейде, мамандықтан қашықтап, өз мамандығына деген қанағаттанбаушылық сезімдері пайда болуы мүмкін, мұндай жағдайда мамандық түрін және жұмыс орнын ауыстыруы қажет. Тұлға алдында – мамандыққа деген өзіндік қатынасын анықтау, кейде кәсіби жетістікке жету жолын анализдеу, мамандық таңдауда немесе оны ауыстыруда шешім қабылдау, мансапты түзету және нақтылау, басқа да түрлі мамандыққа байланысты сұрақтар, мәселелер туындайды.

Кәсіби іс-әрекетке мінездің сәйкес келмеуі және кәсіби компоненттік деңгейі; біліктілікті жоғарылатуға іштей талпыныс пен кәсіби белсенділіктің жетіспеушілігі, еңбек мазмұнымен қанағаттану және мамандықты ауыстыру қажеттілігінің болмауы, кәсіби компоненттілік деңгейі мен кәсіби мақсаттың жойылуы арасындағы қарама-қайшылықтар.

Өзіндік кәсіби жетістіктен нақты кәсіби мүмкіншіліктің сәйкессіздігі, « мен – мүмкіншілік » пен « мен – идеал » қарама-қайшылығы. Бірінші топтағы қарама-қайшылық оптация кезеңіндегі адамдарға тән, екінші кәсіби дайындық пен кәсіби бейімділік кезеңіне, үшінші және төртінші кәсіптену мен кәсіби шеберлілік кезеңіне, бесінші топтағы шиеленіс кәсіби қалыптасуды тоқтату кезіне тән.

Кәсіби мүмкіншілік, потенциал, қабілеттілік және әлеуметтік шектеулі, жасы, жынысы, келбетінің сәйкессіздігі, кәсіби өсу мен материалдық жағдай, кәсіби мансапты